

EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекетшілдік мінбері

25 МАМЫР 2023 ЖЫЛ, БЕЙСЕНБІ №97 (30576)

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Интеграция, ең алдымен, экономикалық сипатқа ие

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 25 мамыр күні өтетін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысу үшін Мәскеуге барды.

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Президент «Көпполярлы әлемдегі еуразиялық интеграция» атты II Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық отырысына қатысты. Жиын сұрақ-жауап форматында өтті.

Модератор Александр Шохин Мемлекет басшысына Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі қабылданған стратегиясында өзара инфрақұрылым байланысы, «Солтүстік – Оңтүстік» және «Батыс – Шығыс» дәліздері және үшінші елдермен арадағы қатынастар секілді перспективті бағыттар қамтылған ба? деген сұрақ қойды.

Президент өз сөзінде форумға қатысушыларға илтипат білдіре отырып, жиынға шақырғаны және іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Ресей тарапына және Владимир Путинге ризашылығын білдірді.



Суретті түсіріп отырған: А. ДУСЕНБЕКОВ, Е. УЖИЛЬЕВ

Мемлекет басшысы 2020 жылы Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттары қабылданғанын атап өтті.

– Шын мәнінде, бұл осы салада атқарылған жұмыстарға берілген баға болды. Әрине, мақсаттар мен міндеттерді қайта пысықтау керек. Форумға

қатысушылар және әріптестерім Стратегияның өте маңызды, жан-жақты ойластырылған құжат екеніне келіседі деп ойлаймын. Еуразиялық экономикалық одақтың географиялық аумағы орасан зор екенін ескерсек, өзара инфрақұрылым байланысын дамыту мәселесі аса маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді. Бұл жерде біз бірден екі

деңгейде: бірінші – ішкі одақтық, яғни одаққа мүше елдердің көлік және коммуникация салаларындағы интеграциясы бағытында, екінші – халықаралық, яғни көлік-логистика саласындағы халықаралық мәселелерді жүзеге асыру және үшінші елдермен ынтымақтастықты дамыту аясында жұмыс істейтінімізді айта кету керек. Жаһандық тауар ағынының

мәнінше жылдам өзгеріске ұшырап жатқанын ескерсек, қазір жан-жағымызды жіті бақылап, бүкіл аймақта барынша тренд қалыптастыру өте маңызды. Шығысымызда тұтас құрлықты стратегиялық тұрғыда байланыстыруды көздейтін маңызды әрі ауқымды бастама – ҚХР-дың «Бір жол – бір белдеу» жобасы бар. «Солтүстік – Оңтүстік» желісіндегі сауда-экономикалық қатынасқа сұраныс бірнеше есе артты. Біз, шын мәнінде, осы үдерістердің бел ортасындамыз. Қалыптасып келе жатқан осы жаһандық экономикада біздің қандай рөл атқаратынымыз өзімізге байланысты. Өткен жылдың оқиғалары «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізін «жаңа жаһандық логистиканың» басты элементі ретінде дамыту қажет екенін тағы да анық байқатты. Аталған меридианды дәліз Транскаспий халықаралық көлік бағытының ендігімен сәйкес келеді. Сондықтан екі бағытты да үйлесімді әрі жүйелі түрде дамытса, бірін-бірі толықтыра түсетінін көріп отырмыз. Бұл тек өнеркәсіп, көлік және экономика салаларын дамытпайды. Сондай-ақ бұл бағыттар алып Еуразия кеңістігіндегі өзара қарым-қатынас пен кооперацияны түбегейлі өзгерте алады. Мен бұл туралы

бекер айтып отырған жоқпын. Өйткені дәл қазір көлік логистикасы халықаралық ынтымақтастықта алға шықты. Шын мәнінде, халықаралық нарықта көлік бағдарларына, логистикаға және басқа да салаларға иелік ету үшін күрес жүріп жатыр. Бұл – барлық мемлекет үшін пайдалы бизнес. Еуразиялық экономикалық одақ осы бағытта маңызды рөл атқаруға тиіс. Одақтың ең басты саяси және экономикалық серіктесі – Қытай Халық Республикасымен тиімді қарым-қатынас жасаудың маңызы зор. Қытай – ең ірі жүк жөнелтуші әрі ең ірі тұтынушы ел, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы форум қатысушыларына өткен аптада ҚХР-ға мемлекеттік сапармен барғанын, сапар аясында Сиань қаласындағы құрғақ портта Қазақстанның логистикалық орталығының іргетасын қалағанын жеткізді. Президент бұл порт Орталық Азияға, Еуропаға, Түркияға және Иранға тікелей контейнер пойыздарын жөнелтетін негізгі хабқа айналатынына сенімді. Сонымен қатар «Бақты – Аягөз» учаскесінде темір жол байланысын іске қосу және ҚХР бағытында бөлек шекара өткелін салу жоспарланып отыр.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы

2022 жылғы 19 сәуірде Мәскеуде жасалған Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 24 мамыр
№ 4-VIII ҚРЗ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МЕРЕЙІ

«Nick Jr» қазақша сөйлейді

2021 жылдан бері шетелдік әйгілі балалар телеарналары – «Nickelodeon», «TiTi» және «Дисней»-дің өнімдерін қазақ тіліне аудару жобасы іске асырыла бастағаны белгілі. Енді бұл қатарға «Nick Jr» арнасы да қосылатын болды.

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің айтуынша, «Nick Jr» арнасы биылдан бастап қазақ тілінде көрсетіле бастайды.

«Қазақ тіліндегі жаңа арнаның іске қосылуы мемлекеттік тілдегі контенттердің саны мен сапасын арттыруға өз септігін тигізеді деген ойдамыз», дейді министр.

Жобаның басты мақсаты – әлемдік балалар мен жасөспірімдер телеарналарының өнімдерін қазақ тіліне аудару арқылы мемлекеттік тілдегі балалар контентін дамыту.

2021 жылы «Nickelodeon» телеарнасының 465 сағаттық мазмұны аударылса, 2022 жылы 345 сағаттық өнім қазақ тілінде сөйлей бастады. Биыл 481 сағаттық мазмұнды аудару жоспарланып



отыр. Оның ішінде 190 сағат «Nickelodeon» арнасының контенті және 291 сағат «Nick Jr» арнасының контенті қазақ тіліне аударылады. Қазақ тіліне аударылған контенттің аудиожазбалары арнайы FTP-серверге жүктелген. Лицензиялық құқықтардың мерзімі – 2 жыл.

Дархан Қыдырәлінің хабарлауынша, қазақ тіліндегі «Nickelodeon» бағдарламаларын тарату теледидардың пультіңде

тілді ауыстыру арқылы жүзеге асырылды. «Қазіргі уақытта «Nickelodeon HD» арнасы 100% локализацияланған контентті бағдарламамен бірқатар кабельдік операторынан («Қазақ-телеком», «TVCom», «Beeline», т.б.) бөлек эфирге шығады. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғаса береді», дейді сала басшысы.

Министрліктің ұлттық мүддені қорғау жолындағы бұл жобасы алғаш рет Ұлттық кеңестің бірінші отырысында айтылған еді. Ал 2022 – Балалар жылы жобаның екінші бөлігі іске асты. Атап айтқанда, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Nickelodeon» және «TiTi» каналдарымен келіссөздер жүргізіп, ынтымақтастық орнатты. Еліміздің кабельдік операторлары осы арналарды қазақша көрсете бастады. «Nickelodeon»-ның балалар мен жасөспірімдерге арналған бүкіл әлемге танымал телеарна екенін ескерсек, шетелдік белгілі анимациялардың қазақша сөйлеуі қазақтілді балалар медиа контентінің көбеюіне септігін тигізеді анық.

ИГИС

Конструктор-көлік заңдастырылады

2023 жылдың 22 мамырынан бастап елімізде конструктор-автокөліктерді заңдастыру басталды. Бұған дейін Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ел аумағына кіргізілген шетелдік тіркеудегі көліктерді заңдастыруға (арзан бағамен) рұқсат етілген еді. Ал бұған дейін елге қосалқы бөлшектер ретінде әкелінген көлік иелері ресми тіркеу құжаттарының жоқтығынан қиындықтарға тап болып келген.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

Үкімет бұл мәселені шешу үшін азаматтарға конструктор-автокөліктерді заңдастыруға және бастапқы тіркеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тиісті ережелерге өзгерістер енгізді. Мұндай көлік құралдарын бастапқы тіркеу үшін алым

мөлшерлемесі 200 мың теңгені құрайды.

Автокөліктерді заңдастыру үшін өтінімдерді «Egov» қызметтері және екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы беруге болады.


Айта кету керек, елімізге қосалқы бөлшектер түрімен әкелінген және кедендік тазартудан өтпеген автокөлікті

тіркеу куәлігінде меншік құқығын өзгертуге тыйым салу және тек Қазақстан аумағында пайдалануға рұқсат беру туралы жазба көрсетіледі.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, акция басталғалы республика бойынша 107 мыңнан аса көлік заңдастырылған. Сонымен қатар 14 мыңға жуық конструктор-автокөлік анықталған.

Тіркеу үшін көлік иелері өтінім, ішкі істер органының өкілетті қызметкері берген транспорт құралын тексеріп-қарау актісін және техникалық тексеріп-қараудың диагностикалық картасын ұсынуы қажет.

(Соңы 4-бетте)



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 478.8

USD/KZT 444.44

RUB/KZT 5.56

CNY/KZT 63.08